

Құрман орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы

7- сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылында 7 сыныпта 15 оқушы. Оның қызы -6, ұлы -9 оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылынын басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жұмыстар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушыны бастауыш сыныптан орта буынға қосылғандықтан жыл бойы жаңа сынып жетекшіге пән мұғалімдеріне бейімделу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар мектепшілік шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға мектеп әкімшілік ұйымдастырылған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел), бала тәрбиесіне қатысты Жиналыстарда сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тыйым салу, баяндамалар оқылып талқыланды.

1-қыркүйек Білім күніне жиын өткізіліп, бірыңғай тәрбие сағаты өтті. Құрман орта мектебінде учаскелі полиция инспекторы полиция ағалейтенаты Д.Қ.Бөлебаев және ТІЖО Аманбаева 1-11 класс оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектеп ережесін сақтау, жол көлік оқиғасын алдын алу, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарды тұтынбау, қоғамдық орындарда өзін-өзін ұстау т.б мәліметтер берілді.

8-қыркүйек күні Республиканың сергіту сәті 5 минуттық челленджі өтті. Ұстаз –ұлы тұлғ. Ал оның еңбегі өлшеусіз, баға жетпес құндылық екені туралы айтылды. 5-7 сыныптар арасында Алғыс, саған ұстазым тақырыпында КВН ұйымдастырылды. Құрман орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста біз жалықпаймыз кітап оқимыз» атты іс-шара өткізілді. «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» бала тәрбиесіндегі ата-ана ролі тақырыптар қамтылды. Мектеп психологі Ш.Тайбурина өзінің жұмыс жоспарына сай сыныпта булменгке қатысты сабақтар өткізілді.